«МАХАМБЕТ АУДАНДЫҚ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «МАХАМБЕТСКИЙ РАЙОННЫЙ ОТДЕЛ ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИИ»

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

03.05.2023 жыл № 104

Махамбет ауылы село Махамбет

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден сатып алу тәсілімен ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 41-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 475-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1.«Жер учаскесіне сәйкестендіру құжаттарын дайындау және беру жұмысын» сатып алу, мемлекеттік сатып алудың 39-бабының 3-тармағының 36-тармақшасына сәйкес тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен ұйымдастырылсын.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты бөлім есепшісі Аманғалиев Нұрлыбек Аманғалиұлы:

- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 4-бабының 1-тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасын сақтай отырып, өнім берушіні айқындасын;

- Өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарттың жобасын жіберсін.

3. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім үшін жауапкершілікті өзіме жүктеймін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Бөлім басшысы **А.Салиев**

000104